

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ, АРХИВТЕР ЖӘНЕ ҚҰЖАТТАМА БАСҚАРМАСЫ
ҚР БФМ ФК А.Х. МАРҒҰЛАН АТЫНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІ

АКИМАТ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ
УПРАВЛЕНИЕ КУЛЬТУРЫ, АРХИВОВ И ДОКУМЕНТАЦИИ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ
ИНСТИТУТ АРХЕОЛОГИИ им. А.Х. МАРГУЛАНА КН МОН РК
АКТЮБИНСКИЙ ОБЛАСТНОЙ ИСТОРИКО-КРАЕВЕДЧЕСКИЙ МУЗЕЙ

«ҚАДЫРБАЕВ ОҚУЛАРЫ - 2020»

VI ХАЛЬПАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ

(2020 жылғы 27-28 қараша)

МАТЕРИАЛЫ

VI МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ

«ҚАДЫРБАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ – 2020»

(27-28 ноября 2020 года)

Актобе 2020

БӨКЕЙЛІКТІҢ 1917-1920 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ӨМІРІ (МӘСЕЛЕНИҢ ТАРИХНАМАСЫ)

С.Б. Құрманалин

Қазақ халқының басынан кешкен аса ауыр кезеңінің бірі – Қазан төңкерісінің женісі мен Совет өкіметін орнату үшін болған қиан-кескі құрес жылдары болды. Бұл, 1917-1920 жж. арпалысты біз күні кешеге дейін біржакты, көбінше бұрмалай жазып келдік. Батыс Қазақстанның екі облысындағы негізгі тұрғыны – қазақтардың тұрмысы, саяси-әлеуметтік жағдайы, саяси құресі тиісінше зерттелмей, атусті, үстіртін баяндалып келді. Өлкे тарихында айта берсек белгісіздеу келген бұл секілді тарихи проблемалар көп. Бұндай мәселелерді қазіргі заманда азаматтарымыздың саяси, тарихи түсінігін толықтыру және халықтардың өзара түсінісуін нығайту үшін Совет өкіметінің қандай қыншылықпен орнағанын, оны жергілікті халықтың қалай қабылдап, қатысқанын, саналы азаматтарымыздың қажырлы қызметін нақты деректер негізінде тарих ғылыминың жаңаша ойлау, баяндау жолымен таныстырудың маңызы зор және ол біздің еліміздің ішкі саяси жағдайын күшеттүге, халықтың ынтымақтаса, бейбіт өмір сүруіне септігі тиері сөзсіз. Осыған сәйкес елбасы Н.Назарбаевтың қазір жергілікті, тіпті әр ауыл тарихын зерттеу керектігін айтуды өте орынды және заман талабы (Назарбаев, 1996, 108 б.).

Бөкей облысының 1917-1920 жж. тарихы Рсейдегі Қазан төңкерісі мен Совет өкіметінің орнауы, азамат соғысы тарихымен тығыз байланысты. Біз атап отырған бұл үш оқиғаның болу себептері, мәні, зардаптары қазіргі Ресей т.б. елдер ғалымдары мен кей саяси ағымдардың талқысында болып келеді. Кейбір авторлар революцияның болуы патша өкіметінің оралымсыздығынан, өкімет пен халықтың араздығынан болды десе, негізгі себебі – елдегі экономикалық артта қалу, дағдарыс, еңбекшілердің әлеуметтік мұқтаждығынан болды деушілер де басым. 1917 ж. саяси жағдайды большевиктер шиеленістірді, Қазан революциясын қолдан жасады деушілер де бар. Революция бірер жылда дайындалмайды, ол ғасырлар бойы қоғам дамуынан артта қалған мешеу Ресей болмысынан жинақталған аса күрделі қарама-қайшылықтардың нәтижесінде болып келді. Сондай-ақ, азамат соғысының басталу себептері, мәні мен орны жөнінде пікір алысу қазіргі ғылым әлемінде айтыс туғызып, талқыда жүр. Бізге большевиктер көсемі В.И.Лениннің азамат соғысы тап құресінің жоғарғы формасы дегені белгілі. Бұл ұғымға әзір түбекейлі өзгеріс ене қоймады. Қазіргі Ресей ғалымдары өз еңбектерінде 1917 жылы Рсейдегі түрлі лагерь көсемдерінің азамат соғысын болдырмаудың балама жолын табуға көрегендігі жетпегендіктерін көрсетеді. Бұл мәселеде Бөкей облысының тәжірибесі назар аудараптық. Мұнда өкімет құру т.б. шаралар бейбіт жолмен істелін, азамат соғысына жол берілмеді. Бөкейлік тарихының тағы бір басты ерекшелігі – өкімет таңдау, сайлау істері қарулы күш жұмсамай, бейбіт жолмен жүзеге асырылғандығында. Бөкей облысының үшінші тарихи ерекшелігі – қазақ автономиясы мен мемлекеттігінің алғашқы іргетасы осы өнірде қалана

бастағаны. РСФСР ұлттар істері халық комиссариатының Қазак бөлімі Бөкейліктегі өз жұмысын бастап жүргізген.

Бөкейліктің өткенінің аталмыш кезеңі тарихына назар аударып зерттеуіміздің тағы бір басты себебі – бұл өнірде тұнғыш қазак ұлттық әскери бөлімдері Қыргыз (Қазақ) өлкелік әскери істер комиссариатының басшылығымен ұйымдастырылып, дүниеге келді. Бұл аталған жұмыстардың осы өлкеде шендересуі облыс тарихының зор мәні барын көрсетеді. Бірақ, облыс тарихы арнайы ғылыми зерттеу объектісі болған емес.

Қарастырылып отырған кезеңдегі Бөкей облысының тарихын арнайы ешкім нақтылы зерттемегендіктен тарихи материалдар жинағы да болмай, зерттеу жұмысы қындаған. Тек Қазан төңкерісі женғен күнді атап өту науқанында ғана 1916-1920 жж. оқиғаларына қатысқандардың, не солардың айтуынан мерзімді баспасөзде юбелейлік мақалалар жазылған. Сонымен бірге С.Мендешев өзі өскен Қамысты Самар қисымында 1916 жылдың жазда болған наразылық жөнінде өз басынан кешкен оқиғаларды бояусыз жазып «Социальды Қазақстан» газетіне 1936 жылдың жариялаған (Мендешев, 1997, с.22-34). Бұл бағалы басылым тарихшылар назарынан бекерге тыс қалып келеді. Онда бізге қажет бірталай мәлімет бар. В.П. Варламов өз көзімен көрген 1917 жылдың жазда Қалмақ қисымындағы шаруалардың толқуын «Советская Киргизия» журналында, «Большевик Казахстана» журналында 1917 жылдың Жасқұста (Орда) митинг болып, ревком құрылуын жазған (Варламов, 1924, с.30). Осы кезге дейін Орда Ревкомының құрамы, жұмысы туралы жаңсақ мәліметтер беріліп келді. Бұл турасында кезінде белгілі зерттеуші И. Кенжалиев жазған болатын. Яғни ол Х. Чуриппінде кітабында көте, үстіртін мәліметтер берілгендей (Чурип, 1971, 36,48 бб.) және оның жасаған мәліметін Х. Ермұратов, (Ермұратов, 1972) Х.Маданов т.б. авторлар қайталағандығын көрсетеді.

Белгісіз автор «Қызыл ту» газетінде жарияланған «Бөкейліктегі төңкеріс тарихынан» атты көлемді мақаласында облыста болған 1917-1919 жж. оқиғаларды біркелкі дұрыс жазған. Автор 1917 жылғы Ақпан революциясынан кейінгі жағдайды, желтоқсан оқиғаларын, С.Мендешев т.б. ревком мүшелерінің қамалғанын, кейін Совет сайлауының дұрыс өткенін даусыз жазады. Сөз жоқ, кеңестік баспасөздегі жазылған тарихты қазіргі таңда керексіз ете алмаймыз. Біз С.Мендешев, С.П. Милютин, С. Жанболатов, И. Мендиханов, П.В. Варламов А.Құлшорин т.б. большевик қайраткерлерге қоса Б. Ниязов, М. Шомбалов, Ф.Қаращ, т.б. алаштыл азаматтардың еңбектерін жоққа шығара алмаймыз.

Бөкей облысының 1916-1920 жж. аралығындағы тарихының мәселелерін арнайы, тарих ғылымы тұрғысынан зерттеуші болмады десек те, Тәжен Елеуовтің 1916 жылғы көтеріліс туралы, Батыс Қазақстанда, Бөкейліктегі болған кей оқиғаларды қамтыған еңбегін тарихнамалық талдауға аламыз (Елеуов, 1961).

Уақытында Бөкей облысының 1917-1918 жж. тарихын алғаш зерттеп, көлемді мақала жазған тарихшы Тәжен Елеуов өз монографиясында Орал және Бөкей облысында Совет өкіметінің орнауын баяндаған. Т. Елеуовтің бұл белгілі

еңбегі Қазақстанда Совет өкіметінің орнап, нығаюына арналып, Бөкей облысы жөнінде үзік мәліметтер береді. Қазақстанның белгілі ғалымдары К.Нұрпейісов, П.Пахмурный т.б. өз еңбектерінде Бөкей облысындағы кей оқиғаларды атаған, республиканың шаруалар Советтері жөнінде, Орал, Бөкей облыстарындағы кей жағдайларды қамтыған (Нұрпейісов, 1972).

Бөкей облысында бұхараны көптеген жаулардан қорғап, қазақ автономиясын құрамыз деп келген РСФСР халық комиссариатының қазақ бөлімінің көп жұмыс істегені академик С.Зиманов пен Қазақ ССР Ғылым академиясының ғылыми қызметкерлері болған С.Дәuletова мен М.Исмагуловтың бірігіп жазған монографиясында біршама қамтылған (Зиманов С., Даuletova С., Исмагулов М, 1975). Айта кетуіміз керек, авторлар еліміздің көптеген тарихи архивтерінде болып, нақты деректер жинаған. Еңбектердің басты бір артықшылығы – авторлар араб әрпімен жазылған көптеген материалдарды тапқан, бұл күнде кез-келген тарихшы ажыратса алмайтын деректерді қалың оқырманның қызықтап окуына ұсынған. Шынында, 1910-1930 жылдары жарық көрген қазақша мақалалар, кітаптар барышылық, бірақ оны ешкім жөнді пайдаланбай келеді. Аталмыш монографияның авторлары Бөкей облысын басқыншылардың қорғауда алғашқы қазақ әскери бөлімдерінің құрылуы туралы, ұлттар комиссариатының Қазақ бөлімі мен оның Бөкейлік бөлімшесінің жұмыстарын деректі түрде ғылыми тұрғыда дұрыс баяндап берді. Бұл туындының, ғылыми теориялық дәрежесі жоғары екенін атау керек. Сонымен қатар, еңбекте бұрынғы қазақ интелегенттерінің көбі Совет өкіметіне беріле жұмыс істегені нақтылы баяндалып, тарихи объективті және дұрыс баға берілген. Қорыта келгенде, бұл монография кеңестік дәуірдегі қоғамдық ғылымдар еңбектерінің ең шоқтығы биік туынды.

Бұл үш автордың келесі құнды еңбегі Қазақ революциялық комитеті (Казревком) қызметін сенімді деректерден нақты мәліметтер жинастырып, қазақ жерін біріктіру, мемлекетін құру, автономия жариялау жұмыстарын тиянақты көрсеткен. Бұл тұста большевиктердің қызметі мадақтауға тұрарлық. Әрине, монография Советтік империя ұғымында көрсетіледі (Зиманов С., Даuletova С., Исмагулов М, 1981).

Мәскеулік тарихшы Д.Аманжолова «Қазақ автономизмі және Россия» деген кітабына бірталай тың құжаттар енгізген, өлкеге сипаттама беруі, документтер жинақтарына сүйеніп ғылыми тұжырымдар жасауы назар аудартады (Аманжолова, 1994).

Мәселенің тарихнамасын талдауда тарихшы-ғалым И.Кенжалиевтің сол бір кезеңдегі Батыс Қазақстанның қасіретті жылдарын зерделеген монографияларын (Кенжалиев, 2001) ерекше атап өту қажет. Автор бұл еңбектерінде, әсіресе екінші бөлімі болып табылатын Бөкей облысына арналған кітабында бұл мәселенің деректік көздеріне тоқталады. Атап айтқанда архивтік қорларға нақты талдамалар береді. Біз талқылып отырған тақырыпқа тікелей қатысты болғандықтан мақалада белгілі тарихшының жіктемелерін арнайы төмендегіше беріп отырмыз.

Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивіндегі Бөкей облыстық Советінің атқару комитетінің 1917-1920 жж. материалдары сақталған №1453 қорда қоғамдық ұйымдардың, жергілікті Советтердің сайлауы, қызметі, еңбекшілердің шағымдары, Облсоветтің съездері, коммунистер туралы т.б. материалдар жиналған. Қазақ революциялық комитетінің протоколдары, баяндамалары т.б. №14 қорда сақталуы, құндылығы қанағаттанарлық. Оларда Бөкей облысының 1919-1920 жж. жағдайы, істелген жұмыстар баяндалған. Орталық мұрағаттағы ішкі істер халық комисариатының №40 қорында талай документтер Бөкейлікте істелген түрлі жұмысты көрсетеді. Қазақ әскери бөлімдерін жасақтау, әскери қызмет жөнінде құжаттар, бүйрықтар, тізімдер, әскер жабдық т.б. №59 қорда жинақталған. Бұл қорда қазақ әскери бөлімдері туралы да шағын мәліметтер кездеседі. Сондай-ақ, Атыраудағы мұнай басқармасының материалдары жинақталған №695 қорда кейбір мағлұматтар бар. Жергілікті мұрағатқа саналатын Батыс Қазақстан облыстық архивіндегі №312 қорда Бөкей облыстық Советі атқару комитетінің документтері бар. Онда жиналыстар, облыстық Совет съезіндегі, баяндаулар (доклад), шағымдар, тексеру қағаздары сақталған. Бұл архивте Бөкей, Орал губерниялық партия комитеттерінің (Губпартком, ГПК) отырыс, жиналыс протоколдары, қатынас қағаз, телеграммалар коммунистер қызметі, тізімдер, анкеталары, баяндаулары, әскери, алаш өкіметі туралы мағлұматтар №7 қорда жиналған. Жайық облыстық ревкомының материалдары №7 қорда сақталған, онда ревком мәжілісі мен коммунистер жиынының протоколдары, Алаштың Батыс бөлігімен қатынас, қазақ азаматтарының қызметі, ағарту, шаруа істерінің мәліметтері бар. Облыстық статистика бөлімінің қағаздары да біз үшін құнды мәлемет береді. Бұдан әрі И.Кенжалиев Атырау, Манғыстау облыстары архивтеріндегі түпдеректерді қарағандылықтар айтады. Атырау мемлекеттік мұрағатының №1 қорында Гурьев уезді Советі аткомының документтері 1920 жылы бейбіт жұмысты, жергілікті сайлау, шаруа жұмыстарын баян етеді. Ал, №2 қорда халық шаруашылығы бөлімінің, №98, 146 қорларында Доссор т.б. мұнай кәсіншіліктерінің жұмыстары жөнінде мәліметтер бар. Оқу ісінің қалай қалпына келгендігі де көрсетіледі (№2 қорда). Астрахан ОМА-ны №1 қорында губатком материалдарында Бөкей облсоветінің I-съезі, аткомының баяндаулары, статистикалық, шаруашылық, оқу ісі материалдары кездеседі. Саратов ОМА-нде губатком отырысы қағаздары ішінде Таловка қисымындағы 1918 жылы басталған тәртіпсіздік, алаштың Батыс бөлігі туралы мәліметтер сақталған. Бұнда Бөкейлікпен шекарада болған түрлі ұсақ оқиғалар, азамат соғысы жылдарындағы әскери істер жөнінде үзік мәліметтер де кездеседі.

Алматыдағы Қазақстан Республикасы Президенті кеңесі архивінде Бөкейлік ұйымдарының мәлімдемелері, конференциялар протоколдары, баяндаулар, ақпарлық жазбалар, Алашорданың Батыс бөлігінің қызметі жөнінде, 1920 жылғы санак, Қазревком материалдары №139, 140 қорларда т.б. сақталған. Әрине бұл қорлардың документтері большевиктік рухта жазылғандықтан, біз олардан нақты фактілерді тексеріп, анықтап алу қажеттілігін белгілі тарихшы ұсынады және бұлармен қатар КСРО кезінде

шығарылған Қазан революциясы, Азамат соғысы, Совет өкіметінің орнауына байланысты документтер мен материалдар жинағындағы көптеген күмәнсіз мәліметтерді де пайдалануға болатындығын атап көрсетеді.

Сонымен қорыта айтқанда, советтік дәуір тарихшылары еңбектері мен материалдар жинақтарынан шындыққа жанасатын фактілерді, қазіргі заман талабына сай келетін ой, пікірлерін сын елегінен өзіміз өреміз жеткенше өткізе отырып, пайдалануымыз қажет. Қазіргі тәуелсіз ұлттық тарихнамадағы мүмкін де, қажетті де жұмыс Совет өкіметінің «жақсылығымен» қатар, шовинизмнің зәрлі уынан арыла алмаған, анахистік қымылдарын, большевизмнің ұлттарды бөлшектеу, Совет, партия қызметкерлерін орынсыз, еш дерексіз әсіре мадақтау сарынын анықтауға тырысу қажеттілігі болып табылады. Елінің ырысы, тыныштығы, болашағы үшін сол кездегі тығырықтан шығудың балама жолын аласұра іздеп, елді төнген апattан аман алып шығуға ұмтылған қазақ зиялыштарының қызметін отандық тарихнамада әділ зерделеу бүгінгі тарихшылардың парызы болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер:

1. Аманжолова Д.А. Казахский автономизм и Россия. – Москва. – 1994
2. Варламов В.П. Воспоминание о прошлых годах // Советская Киргизия, 1924, №10
3. Елеуов Т. Установление и упрочение Советской власти в Казахстане. Алматы, 1961
4. Ермұратов Х. Октябрь нұрландырған өнір. Алматы, 1972
5. Зиманов С., Даuletова С., Исмагулов М. Казахский отдел Народного комиссариата по делам национальностей РСФСР. - А. – 1975
6. Зиманов С., Даuletова С., Исмагулов М. Казахский революционный комитет. – А. 1981.
7. Кенжалиев И. Бөкей облысы. Орал, 2001
8. Мендешев С. О национально-освободительном движении 1916 года // Қаһарлы 1916 жыл: (құжаттар мен материалдар жинағы). – Алматы, 1997
9. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. Алматы, 1996
10. Нұрпейісов К. Қазақстанның шаруалар Советтері (1917-1929 жж.). Алматы, 1972
11. Чурин Х. Дауылды жылдарда. Алматы, 1971